

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 295 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 17 мамырда № 5-11-157 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 06.03.2019 № 171 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Зайсан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары К.К. Чилибаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымжанов

Зайсан ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "03" мамырдағы
№ 295 қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы			Ата-ана төлемақысының мөлшері (1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген)	
№	Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, орындар саны	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін (теңге)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін (теңге)
1	Мемлекеттік балабақшалар	1306	400 дейін	400 дейін
2	Жеке меншік балабақшалар	272	227 дейін	227 дейін